



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

улучшение показателей, как в ЭГ - результативность повысилась с 39,1% до 72%, и это значительный прирост, что подтверждается достоверностью t- критерия Стьюдента (таблица 1), так и КГ с 35,7 % до 48,5%.

В контрольной группе за период эксперимента происходят изменения, но не столь значительные как в ЭГ. Прирост данных недостоверен, при $P > 0,05$.

Таблица 1 – Уровень прироста реализации подачи мяча за игру у спортсменок ЭГ и КГ (%) до и после эксперимента

группа	Показатели до эксперимента	Показатели после эксперимента	t	P
ЭГ	39,1	72%	7,69	<0,05
КГ	35,7	48,5%	0,61	>0,05

Результаты педагогического эксперимента показали достоверность и значимость показателей реализации подачи мяча в прыжке спортсменов КГ и ЭГ. Значительный прирост показателей произошел в ЭГ, что в принципе подтверждает правильность нашей методики, и внедрения ее в тренировочный процесс спортсменок высокой квалификации.

Предполагается, что одним из успехов такого выступления частично является разработанная определенная последовательная технология совершенствования подачи мяча в прыжке, что в принципе повлекло за собой и результативность всех последующих технических приемов используемых спортсменками в игровой деятельности, а вера в себя и свои возможности способствовала реализации их на соревнованиях [4].

Следовательно, можно сделать вывод, что совершенствование технического элемента (подача мяча в прыжке) в тренировочном периоде у игроков ЭГ в совокупности с тренингами по повышению уровня самооценки, положительно повлияло на эффективность показателей соревновательного периода, т.е. гипотеза, выдвинутая в работе - доказана.

Список использованных источников

- 1 Губа В.П. Волейбол в университете: Теоретическое и учебно-методическое обеспечение системы подготовки студентов в спортивном клубе / В.П. Губа., А.В.Родин.- М.: Советский спорт, - 2009.-С 164.
- 2 Спортивные игры: Совершенствование спортивного мастерства: учеб. для студ. высш.учеб. заведений / Под ред. Ю.Д. Железняк, Ю.М. Портнова. – М.: Издательский центр «Академия», - 2004. – С 400.
- 3 Железняк Ю.Д. Тенденции развития классического волейбола на современном этапе / Ю.Д. Железняк., Г.Я. Шипулин., О. Э. Сердюков // Теория и практика физической культуры.- 2004. - № 4. – С 30-33.
- 4 Железняк Ю.Д. Возрастные аспекты подготовленности волейболистов / Ю.Д.Железняк., К.А.Швец. - Смоленск: - 1973. - С 52
- 5 Железняк Ю.Д. Педагогическое физкультурно-спортивное совершенствование: Учеб. пособие для студ. высш.пед.учеб.заведений / Ю.Д.Железняк, В.А. Кашкаров., И.П.Кравцевич. – М.: Издательский центр «Академия», - 2002. – С 384.
- 6 Портнов Ю.М. Основы управления тренировочно-соревновательным процессом в спортивных играх / Ю.М. Портнов.- М., 1996. С- 2000.
- 7 Матвеев Л.П. Общая теория спорта и ее прикладные аспекты / Л.П.Матвеев.- Спб., - 2005.- С 370.

УДК 378.147:793.4 (=512.122)

«ҰЛТТЫҚ ОЙЫННЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ»

Өтеген Арайлым

Ойын дегеніміз көңіл көтерудің, үлкеннің де кішінің де белгілі бір нәрсеге беріле қызығуынан туындайтын әрі оның нәтижесінен қанағат табатын адам әрекетінің ерекше түрі. Ал қызығу, қуану, қанағаттану - өмірді тамашалаудың көрінісі немесе өмірде сауық құрудың нышаны екендігі белгілі. Ойын-сауыққа адам баласының бәрі де әуес. Түп тамыры тереңнен сонау көне дәуірлерден бастау алатын ойынның тарихы өз алдына жеке әңгіме. Ойын халықтың өмір сүру салтынан туындаған қажеттіліктің бірі. Ойын-сауық еңбектің мазмұны мен құралына орай түрленіп, жетіліп отырған.

Қазақ баласы ежелден ойын-сауықшыл халық. Бүгінде қазақтың 100-ден аса ойын түрлері барын ғалымдар анықтап отыр. Адам мен ойын түйіндес, түбірлес деп танитын қазақ бүлдіршіндері мен жеткіншектерінің ойны қанып, бауыр жазғанын дұрыс санаған. Осылайша, ойын-сауық қазақтың әдет-ғұрпына да елеулі ықпал етіп келген.

Қазақ даласында сонау тас дәуірінде қалыптасқан - таяқ жүгірту, асық, ақсүйек, темір дәуірінде тараған — садақ ату, бергі феодалдық дәуірдегі, яғни үйсін, қаңлы хандығы кезіндегі — ақбайпақ, алтыбақан, арқан тартыс, белбеу тастау, жасырынбақ, көрші бұғынай, айдапсал секілді ойындардың бүгінде бірі сақталса, кейбірі әлде қашан ұмыт болған.

Қыпшақтардың тайпалық одақтары түрік қағанатына қосылғанда хан жақсы ма, ханды қара басты, шалма, қарамырза, сайыс, ат үстіндегі тартыс, аударыспақ, балтам тап, аударыспақ, "көк бөрі тарту" сияқты ойын түрлері таралған. Ұлттық ойынымыздың тарихы туралы Рашид-ад дин, Низами әл-Мулк, Мосуди, Махмұд Қашқари сынды ғұламалар пікірлерін қалдырған. Батыстың XIII ғасырдағы саяхатшысы Марко Поло Жетісу жеріндегі үлкен жиында "Қыз қуу" ойыны мен "Қыз бөрі" ойынын көргенін естеліктерінде тамсана жеткізген.

Кейде ойындардың аттары, атаулары өзгеріп жатса да, олардың ойналу мазмұны сақталып қалған, сөйтіп әдептің түрлерін қалыптастыруға септігін тигізген. Мысалыға, ақсүйек ойынының басқа түрік тілдес елдерде орда, тоқтышақ сияқты атауы да бар немесе лек жалау ойынының шілік, қарыс ағаш, шөлдік және т.б. түрлері бар. Бұл ойындарды әуелі балалар ойнаса, кейіннен оған ересектер де қосылған. Таралуы жағынан ойындар ересектерден балаға мұра ретінде жиі қалдырылған. Мемлекеттік құрылым қалыптасқан сайын ойындар халықтық мерекенің құрамына енген. Ойындар халықтық той-думанның оттығына, көпшіліктің ортақ сауығына айналды. Кез келген жыйын-той күрессіз, ат пен жаяу жарыссыз, айтыс, ән мен күйсіз, аң аулаусыз өтпейтін болған.

Қазақтың ойын-сауығы достық пен қонақжайлықтың белгісі және көптің басын біріктіруші фактор болды. Күміс көмей әншілер мен құлақтың құрышын қандыратын жыршы, жырауларға деген сұраныстан туған сипатта көрініс тауып келді. Ойын-сауық адамды жалғыздықтан құтқарып, көпшіл болуға, жұрттың өзара емен жарқын араласуларына, сыйластық пен татулықтың орнауына ықпал етеді.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деуі де кездейсоқтық болмаса керек. Расында, баланың өмірінде ойынның алар орны ерекше. Ата-бабаларымыз ойынды балаларды алдандыру, оларды ойнату арқылы өздері бір сәт демалу әдісі ретінде қарастырмаған. Керісінше, олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы, өз ортасымен лайықты қарым-қатынас жасап, байланыс орнату тәсілі деп ерекше бағалап, оған мән берген.

Ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасын халық саналы түрде түсінгендіктен атадан балаға мұра болып жалғасып, халықтың дәстүрлі шаруашылығының, тұрмыс, тіршілігінің, рухани мәдениетінің жиынтық көрінісіне айналған. Қазақтың ұлттық ойындары жүгіру, секіру секілді қимыл, қозғалыс элементтеріне бай. Ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – жас ағзаның дұрыс та сергек өсуінің кепілі болған. Сонымен қатар «балалар ойын арқылы ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты игерген» [1]. Ойын

ойнаудың арқасында мінез-құлық ерекшеліктерін, білек-күшін, дененің сомданып шынығуын қалыптастырады. Сондықтан ұлттық ойындарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану қазақ қоғамында ұлттық тәрбиені нығайтушы фактор.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызын кезінде Мағжан Жұмабаев халық мәдениетінің қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсуі, тілдің, дене тәрбиесінің негізгі элементі деп қараған. Тәуелсіздік жылдарында да аталмыш тақырып бойынша қалам тартқан ғалымдар оның практикалық маңызын назардан тыс қалдырған жоқ. Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы тұжырымдаған ғалымдар мектепте және мектепке дейінгі тәрбие жұмысында оны тиімді пайдалана білгені абзал. «Еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға негіз болатындығын зерттеушілер мәлімдеп отыр» [2].

Дене шынықтыру мен ақыл-ой дамуына, жалпы түсінік пен ұғымның қалыптасуында, маңызды ойлау операциялары: талдау, салыстыру, қорыту, қабілеттері бала кезінде жетілетіндігі ғылымда анықталған. Сондықтан, ойынның мәнін баланың дербес іс-әрекеті, айналасындағы өзгерістерді танып-білуге, белсенді әрекет етуге бағыттауға тиіспіз. Практикада дәлелденгендей, дене жаттығуларын ойынмен ұштастырған сәтте баланың тұрақты іс-әрекетке бейімділігінің қалыптасуы айқын сезіледі екен. Сонысымен де дене шынықтыру күнделікті қажеттілік болады және денсаулықтың, шыдамдылық пен шапшаң қимыл-әрекеттің кепілі болмақ.

Қазақтың ұлттық ойындарын қазіргі зерттеушілер бес түрге бөліп қарастыруда. Айталық, аңға, малға байланысты түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар. Олардың негізгілерінің санының өзі жүзден асып кеткен көрінеді. Бұл ойындардың көбінде ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдерімен өрнектелген. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширектіріп, шынықтырады дегенге ғалымдарымыз нық сенімді.

Мысалы, «Теңге алу» - жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алатыны белгілі. Бұл әрине, өз кезегінде асқан ептілікті, ат құлағында ойнайтын шеберлікті, әбден жаттыққан тәжірибелілікті қажет етеді. Теңгені жерден іліп алғандарға бәйге берілетіндіктен ойынға деген қызығушылықты да арттыра түседі.

Бәрімізге белгілі «Қыз қуу» - бұл ұлттық ат спорты ойыны. Қыз қуу жарысында атқа мінген жігіт атпен шауып бара жатқан қызды қуып жетіп, оның бетінен сүюі керек. Ал, «Көкпар» - ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша, әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі қазақ көк бөріні соғып алғанда, өлігін ат үстінде сүйреп, бірінен бірі ала қашып, өздерінше ойынның бір түрін ойлап тапқан. Уақыт өте келе көкпар ұлттық ойынға айналған.

«Күміс ілу» - бұл ойын ептілікті, атқа мінген жігіттерден тақымдылықты талап етеді. Келін түсіру, қыз ұзату салтанатында қалыңдық орамалға түйіп, өзінің күміс шолпысын, айтпесе жүзігін тастайды. Сондықтан да кей аймақта бұл ойынды «жүзік ілу» деп атайды. «Бәйге» - бұл жарыстың бірнеше түрі бар. Олар: аламан бәйге, тай жарыс, құнан бәйге, топ бәйге. Бәйге жарысы, негізінен, жазық жерлерде өткізіледі. Көмбеге алғаш озып келген шабандоз жеңімпаз атанып, сыйлыққа ие болады.

«Асық ойыны» - қыз-бозбалалар ойыны. Жазғы айлы түнде ойнаған. Әдетте, қойдың жілігі немесе жауырыны, жамбасы пайдаланылған. Ойын жүргізуші ойыншыларды екі топқа бөледі. Сөйтіп, алдын ала әзірленген сүйекке белгі салып алған соң, оны алысырақ барып лақтырады. Кейде екі топтың мүшелері кезектесіп те лақтырады. Мұны бүгінгі таңда ауыл ғана емес, қала балалары да ойнай бастаған.

«Ақсүйек» - жазғы айлы түнде жайлау төсінде ойнаған. Әдетте, қойдың жілігі немесе жауырыны, жамбасы пайдаланылған. Ойын жүргізуші ойыншыларды екі топқа бөледі. Сөйтіп, алдын ала әзірленген сүйекке белгі салып алған соң, оны алысырақ барып

лақтырады. Кейде екі топтың мүшелері кезектесіп те лақтырады. Екі топ оны тауып әкелу үшін іздеуге шығады. Бұл негізінен қыздар мен бозбалалардың өзара жақын танысуларына, сырласуларына, құрбы-құрдас ретінде көңіл жарастыруларына жағдай жасайтын қолайлы сәт. Бүгінде бұл ойын қолданыстан шығып барады. Жастар көркем әдебиеттен, кинолардан ғана көретін көп көне ойындардың біріне айналды десек те болады.

Этнограф-ғалымдардың зерттеуінше, қазақтың ұлттық ойындары аңға, малға байланысты, алуан түрлі заттармен ойналатын, зеректікке, ептілік пен икемділікке, батылдыққа баулитын ойындар деп бірнеше түрге бөлінетіндігін аңғаруға болады. Оның санының көптігі қазақ халқының ежелден тапқыр, дарынды болғандығын айғақтайды. Тағы бір ерекшелігі, ұлттық ойындардың, әсіресе, жасөспірім балаларға арналған түрлері әдетте өлеңмен өрнектеліп отырған. Өлең-жыр арқылы ата-бабаларымыз ойынның эстетикалық әсерін арттырып қана қоймай, бүлдіршіндердің өлең-жырға деген ықылысын оятып, дүниетанымын арттыра білген.

Жалпы, қазақ халқы ұлттық ойындар арқылы жастарды өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе білуге, қиын сәттен жол таба білуге машықтандыруды көздеген. Мысалы, «Аламан бәйге», «Аударыспақ», «Арқан тарту» ойындары адамды төзімділікке үйретуге, ерік-жігерді игере білуге, білек күшін дамытуға бағытталған. «Хан дейбасы» ойын түрлерін спорттық, «Хан талапай», «Төрт асық», «Атпақыл», «Қақпақыл», «Омпы», «Сасыр» ойындары дәлдікті ептілікке, серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында адам қарсыласының әлсіз және күшті жақтарып дұрыс анықтауға ерекше мән береді. Оның күш қабілетін тура бағалау ережесіне енеді.

Жалпы, қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысының да қоғамдық және әлеуметтік мәні зор. Бұған қоса, ұлттық ойындар қазақ халқының о бастан ерекше мәдениетті болғанын айқындайды. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек, адамның өмір сүруінде қазақтың ұлттық ойындарының атқаратын маңызы ерекше.

Әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді. Мысалы, бір ойын шеберлік пен ептілікке, енді бір ойын талғампаздыққа, ал енді бір ойын қиын-қыстау кезеңде тез шешім қабылдап, оңтайлы жол таба білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық ойындардан спорт пен патриоттық тәрбие айқын аңғарылады. Мұның өзі қазақтың ұлттық ойындарының тәрбие берудің таптырмас құралы екендігін дәлелдейді. Өкінішке қарай, қазіргі күні біз маңызы зор ұлттық ойындарымыздың тек бірен-саранын («Аламан бәйге», «Көкпар», «Алтыбақан») ғана игере алдық.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «Тоғызқұмалақ», «Жамбы ату», «Аударыспақ», «Көкпар», «Хан дейбасы» секілді түрлерін спартакиада, олимпиада ойындарына қысылмай-ақ қосуға болады. Мысалы, қазақтың ұлттық ойыны «Жамбы ату» бүгінгі күні олимпиада құрамындағы биатлоннан еш кем емес. Еліміздің құзырлы ұйымдары «Жамбы ату» тәрізді ұлттық ойымыздың мән-мағынасын терең түсініп, оны шетелдіктерге жеткізе білсе, қанеки.

Жастардың ұлттық сана-сезімінің дамуында қазақтың ұлттық ойындарының алатын орны айрықша. Оның ішінде қазақтың ұлттық спорт түрлерінің қатарына жақында қосылған қазақтың «хан дейбасы» ойынын атап өтуге болады. «Хан дейбасы» - мемлекет тізгінін ұстаған хандардың, билердің арасында кең тараған ойын түрі. Хан, би секілді лауазымды билікте болған бабаларымыз өздері өмір сүрген кезеңде бұл ойынды тек ойын тұрғысынан емес, ел басқарудағы саяси құрал ретінде де пайдалана білген. Табылғанына көп уақыт болмаса да, «Хан дейбасы» ойыны қазақы «мінезімен» біраз жанның жүрегін жаулап алды. Бір қуантарлығы, қазіргі уақытта ойынның осы түрін насихаттауға Қазақ ұлттық аграрлық университетінің жастары атсалыса бастады.

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 80 жылдық мерейтойына орай қазақтың ұлттық ойыны «Хан дейбасынан» тұңғыш рет турнир өткізілуі оң бастама болды. Қазақ халқы ежелден жылқы малын айрықша қастерлей білген. Ал олардың сәйгүліктерге деген ынта-

ықыласы ат ойындарына сүйіспеншілікті арттыра түскені даусыз. Қазақтың ұлттық ойындарының ішінде ат ойындарының ерекшелігі мен маңызын айтып жеткізу тіпті де мүмкін емес. Бір таңданарлығы, ертеректе әр жігіт, тым болмағанда, ат сайыстарының бір түріне қатысып, жүзден жүйрік шығуды аңсаған. Халқымыздың жер тарпыған сәйгүліктерді жақсы көргені соншалық, оларға «тіл-көз тиеді» деп қорыққан. Сондықтан бәле-жаладан сақтану үшін бәйгеге қосатын тұлпарларды ешкімге көрсетпей, үстіне жабу жауып, жануардың құйрық-жалын өріп, әр жеріне үкінің қауырсындары мен тіл-көзден сақтайтын тұмар таққан.

Әдетте, шабандоздыққа 8-14 жас аралығындағы жасөспірім балаларды дайындаған. Тіпті қазақ қыздары да жорға жарыстарына қатысып, шабандоздықты өздеріне серік еткен. Өкініштісі, әзірге той-томалақтарда ат шаптырып, бәйге ұйымдастырып жатқанымен, жастардың көп бөлігін қамту мүмкіндік жоқ екені баршамызға белгілі.

Сөз соңында айтарымыз, ежелден халқымыздың қанына сіңген, сонау ғасырлар қойнауынан жаңа заманға жеткен ұлттық ойындарымыздың төрт құбыласын түгендейтін уақыт жетті. Тәрбиелік мәні зор ұлттық ойындарымызды бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру тәрбие, білім беру орындарының ғана міндеті емес, «жұмыла көтеретін» салмақты жүк деп танығанымыз абзал. Ұрпағының ұлт болып қалыптасуын көздеген елдің болашағы жарқын болмақ.

Қолданылған әдебиет

1. Құрманбаева С.К. Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі // Қазақстан мектебі. - Алматы, - 2004. – 27 б.
2. Атабаев А.С. Ұлттық ойындар - халық мұрасы /Ұлт тағылымы. – Алматы, - 2006. – 32 б.

УДК [373.3:37.037]:004

ФОРМИРОВАНИЕ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ СРЕДСТВАМИ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ.

Павлова Светлана Владимировна

sati.1994@mail.ru

Студентка 3 курса факультета социальных наук специальности «Физическая культура и спорт» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель –Р.В. Сидорова

В настоящее время проблема здоровья и его сохранение является одной из самых актуальных. Актуальность поиска эффективных путей формирования здорового образа жизни подрастающего поколения обусловлена тем, что именно в детские годы происходит восприятие определенных норм и образцов поведения, накопление соответствующих знаний и умений, осознание потребностей и мотивов, определение ценностных ориентаций, интересов и представлений. Приоритет формирования здорового образа жизни у детей определяется еще и тем, что это один из важнейших факторов, который является определяющей ролью здоровья этой категории населения в создании здорового будущего страны. Понятие «интерактивные методы» прочно вошло в образовательную систему, начиная с дошкольных образовательных учреждений. «Интерактивные методы» - это система мер, включающая взаимосвязь и взаимодействие всех факторов образовательной среды, направленных на сохранение здоровья человека на всех этапах его обучения и развития.

В формировании здоровья и воспитании здорового образа жизни подрастающего поколения на современном этапе значительное внимание обращается на соотношение